

ҚҰДАЙ НЕГЕ БІЗГЕ АЗАП ШЕГУГЕ ЖОЛ БЕРЕДІ?

БӨЛІМ А

Жохан 9

Тақырыбы: Иса - өмірдегі күрделі мәселелердің жауабы

Мақсаты:

- Әрбір мәдениетке қатысты күрделі және әмбебап мәселелерге жауап беру жолында Киелі кітап арқылы түсінік беру.
- Осы сұрақтарға жауап ретінде тыңдаушыны Исаға бағыттау.

7 бөлімнің 4-ші бөлімі
ҚҰДАЙ ТУРАЛЫ КҮРДЕЛІ СҰРАҚТАР СЕРИЯСЫ
(Сұрақтар мен жауаптары бар оқиғалар)
МӘСІХШІЛІК РАДИО ДРАМА
«ТАРИХ ҚОЙНАУЫНДАҒЫ ОҚИҒА»

МӘСІХТІҢ ӘЛЕМГЕ ҚЫЗМЕТІ

Авторы: Уильям Р.Флауерс
Редактор: Эмили Энн Рикард
Аға редактор: Доктор Арт Крискоу
Авторлық құқық © 2020

Өмір суын іздеп табу сеиясы
4-ші бөлім: Құдай неге бізге азап шегуге жол береді?
Бөлім А
Барлық құқықтар қорғалған

ДИРЕКТИВТІ АҚПАРАТ

КЕЙІПКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ: (дауыс сапасына назар аударылсын)

- **Әр кейіпкердің дауысы кез келген басқа кейіпкерден өзгеше болуы тиіс.**
- **Кейбір кейіпкерлер осы серияның бірнеше эпизодтарында кездеседі. Бір кейіпкер үшін бірдей дауыс қолданылсын.**

Томас: Баяндаушы, Исаның шәкірті (кемелденген ер адамның дауысы)
Філіп: Исаның шәкірті (кемелденген ер адамның дауысы)
Иса: Құдайдың Ұлы (кемелденген ер адамның жұмсақ дауысы)
Жақып: Туғанынан соқыр қария (қарт адамның дауысы)
Аарон: Жас діни қызметкер (мақтаншақ жас жігіттің дауысы)

Оқырмандар үшін ескертулер:

- Бұл радио **қойылымдар**. Барлық әрекеттер мен эмоциялар тек сөз арқылы жеткізіледі. Мәтінді оқу барысында асығыстық танытпаңыз; тыңдаушы бұл сөздерді тек бір рет естейтінін еш ұмытпаңыз; тиісті эмоцияларды көрсете отырып анық сөйлеңіз; барлық тыныс белгілерін мұқият қадағалаңыз (мысалы, үтірдің алдына сәл кідіріңіз, нүктелердің алдына үзіліс жасаңыз, леп белгілері бар сөйлемдерді күшейтіп оқыңыз, ал **қарамен** жазылған сөздерге ерекше назар аударыңыз).
- Сценарий бойынша барлық музыкалық (жуан/кіші шрифтпен белгіленген) репликаларды қадағалаңыз.
- Сценарий бойынша дыбыс әсерлері нұсқауларын (жуан шрифтпен белгіленгендерді) орындаңыз.
- Сценарий бойынша жақшада курсивпен белгіленген барлық (дауыстық нұсқауларды) орындаңыз.
- Киелі Жазбадан алынған дәйексөздер курсивпен, тырнақшалармен – "Уа, израилдіктер", содан кейін жақшада жазбаға сілтеме жасалады (Елшілердің істері 2:22). Бұл жерде Киелі Жазбаның жаңа халықаралық нұсқасы (1984) қолданылған. Киелі Жазба сілтемелері аудармашыларға көмек ретінде берілген және оларды сценарийдің бөлігі ретінде оқуға болмайды.

ҚҰДАЙ НЕГЕ БІЗГЕ АЗАП ШЕГУГЕ ЖОЛ БЕРЕДІ?

Киелі Жазбаға сілтеме:
Жохан 9

Музыка: Музыкалық әуен басталады, содан кейін біртіндеп бағдарлама жүргізушінің түсініктемелеріне көңіл аударылады.

Продюсерге ескертпе: Тақырыптық әуен 12-14 секундтан аспауы керек.

Бағдарлама жүргізушісі

«Тарих қойнауындағы оқиға» радио драмасына қош келдіңіздер.

Өмірі азапқа толы, үнемі ауыр сынақтардан өтетін, бұл адамның қалай өмір сүретініне таң қалатын танысыңыз бар ма? Мүмкін ол қате айыпталған шығар; бәлкім, оның иелігіндегінің бәрі одан тартып алынған шығар; бәлкім, бұл дерттен жазылар үміті жоқ мүшкіл ауру адам шығар; мүмкін, бұл адамның басында жоғарыда айтылғандардың бәрі бар шығар, тіпті бұл сипатталған жағдайлар сіздің басыңыздан өтіп жатқан болар. Күнделікті өмір сүрудің осындай негізгі сұрақтарымен бетпе-бет келетін көптеген адамдар үшін Құдай және Оның біздің өмірімізге арналған керемет жоспары туралы әңгімелер қияли болып көрінеді; олардың өмірлік тәжірибесі бойынша егер Ол шынымен де осында болса, онда Құдай олардың жағдайын білмейтінін немесе оларға мән бермейтінін үйрететін сияқты. Олар қоятын дұрыс сұрақ: Егер Құдай бар болса және ол бізді шынымен ойласа, неге Ол сонша азапқа жол береді?

Қымбатты досым, егер сіз бір кездері жан түршігерлік қасірет жағдайына тап болсаңыз және осы сұрақ сізді толғандырса, менің сізге айтар жақсы жаңалығым бар: Құдай тек осы жерде ғана емес, Ол сіздің не істеп жатқаныңызды көреді және Ол сізге қатты қамқорлық жасайды. Құдайдың Киелі Сөзіндегі оқиғалар мен адамдарға негізделген «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының төртінші бөлімін тыңдау үшін бізге қосылыңыздар.

(Әуен: сахнаның өзгеруін көрсету үшін күшейіп, содан кейін саябырсынады)

Сахна өзгерістері әуенмен бейнеленетініне назар аударыңыз

1-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: түнгі уақыт, желдің есуі мен қара шегірткелердің дауысы)

Томас (баяндаушы): Менің атым Томас және мен Исаның шәкіртімін. Мен бұл қызметке тағайындалуды сұраған жоқпын; Мен былғары бұйымдарын сатушы ретінде өз ісіммен айналысып жүргенімде, Иса маған келіп, Өзін қысқаша таныстырып, Оның соңынан еруімді өтінді. Мен діндар адам болмағандықтан, тіпті

Құдайға сенбейтіндіктен, күлімсіреп, сол сәтте сыпайы түрде бас тартып, өз ісіме қайта оралуға тура келді.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: жанып жатқан оттың сықырлаған дауысы)

Томас (баяндаушы): (күрсініп) Бірақ түсініксіз бір себептермен қолымдағы құралдарымды қойып, үйімді, әкемнің шаруасын тастап, Исаның соңынан ердім. Мен бұл асығыс шешім екенін мойындаймын; бірақ келесі апталарда мен Исаны менің толассыз күмәндерім мен сұрақтарыма еш ренжімей, керісінше, мені оларды ашық талқылауға шақырды. Көп ұзамай, Исаның бірнеше керемет жасағанын өз көзіммен көргеннен кейін, мен Құдайдың бар екеніне күмәнданбайтынымды түсіндім; Бір таң қалғаным, діндарларға деген көптен бергі ренішім, ашуым сейілді. Дегенмен, мен осы таңғажайып, ғажайып Адамның соңынан еруді жалғастыра отырып, мен жауап беру оңай емес басқа сұрақтармен күресудемін.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: жанып жатқан оттың сықырлаған дауысы)

Томас: (сабырлы дауыспен) Иса. . . сұрақ қойсам болады ма?

Иса: Әрине, Томас.

Томас: Біз бүгін жолда кездестірген . . . соқыр болып туылған қария. . .

Иса: Иә?

Томас: Неге оны емдеуіңіз керек болды? Мені қате түсінбеңіз, сіздің келіп оны емдегеніңізге қуаныштымын. . .

Иса: Бірақ Құдай оның соқыр болып туылуына неліктен рұқсат бергенін білгің келіп тұр ғой.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: күңкілдескен дауыстар үнсіз қалады)

Томас: Иә, дәл солай. Құдайдың оны. . . қандай да бір жасырын күнәнің кесірінен соқыр қылды ма?

Філіп: Иә, «Ұстаз, мынаның соқыр болып туғанына өз күнәсі себеп болды ма, әлде ата-анасының ме?» (Жохан. 9:2)

Иса: (күліп) Філіп, сен Құдай күнәкарларды соқыр етеді деп ойлайсың ба? Сонда кім көре алады? Жоқ, «Оған өзінің де, ата-анасының да күнәсі себеп болған жоқ» ” (Жохан 9:3).

Томас: Онда. . . Не үшін? Неліктен Құдай мұндай жағдайға жол берді?

Иса: «Қайта, оның өмірінен Құдайдың құдіретті ісі көрінбек!» (Жохан. 9:3).

Томас: Түсінбедім.

Иса: Айтшы, Томас; Ұзақ жылдар бойы соқыр болған адамның көз жанары ашылғаннан басқа бүгін не болды?

Томас: Сонымен. . .

Філіп: (күліп) Қарттың көршілері оған не болғанын білгенде, қатты әбігерге түсті...

Иса: Иә, дәл солай; Сонда дау неден туды?

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: бәрі болған оқиға туралы айта бастағанда күбірлеу қайта жалғасады; Томас сөйлеген кезде дауыстар жоғалады)

Томас: (шулаған дауыстың арасынан айқайлап) Не себепті оның емделіп жатқанына бәрі таң қалды; Кейбіреулер тіпті жылдар бойы отырып қайыр сұрап жүрген сол кісі ме деп те ойлады. Олар: *«Жоқ, бұл соған ұқсас қана»* (Жохан. 9:9).

Філіп: Әлгі адам: *«Мен соның дәл өзімін!»* (Жохан. 9:9).

Томас: Оның көршілері бұл туралы дауласып жатыр еді, ол қалың қауым көбейген сайын Сіз оны қалай емдегеніңіз туралы әңгімені он рет қайталаған болуы керек.

Иса: Ал олар дауды шешу үшін не істеді?

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: бәрі болған оқиғаны айта бастағанда күбірлеу жанды әңгімеге айналады; бұл жолы дауыстар Томас пен Філіп сөйлеп жатқанда жалғасады)

Томас: (шудың арасынан) Оны синагогадағы діни жетекшілерге апарды.

Філіп: (шудың арасынан) Олар одан қылмыскер сияқты қалай сауығып кеткені туралы тергеп сұрады.

Томас: (шудың арасынан) Олар бұған мүлде риза болмады.

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: күбірлескен дауыстар Иса сөйлей бастағанда тоқтайды, бірақ Оның сұрағынан кейін бірден күбірлескен дауыстар қайта басталады)

Иса: Ал бұл діни жетекшілер не істеді?

Філіп: (күңкілдеген дауыстардың арасынан) Олар куәгерлерді шақырды...

Томас: (күңкілдеген дауыстардың арасынан) Олар оның ата-анасын тергеді...

Філіп: (күңкілдеген дауыстардың арасынан) Олар сол адамның өзінен жауап алып жатқан болатын...

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: Иса сөйлеген кезде күбірлескен дауыстар тоқтайды)

Иса: Ал олардың тергеуі қалай аяқталды?

Томас: Олар оған ант бергізіп, соңғы рет былай деп сұрады, *«Ол саған не істеді? Көзіңді қалай ашты?»* (Жохан 9:26)

Иса: Ал ол қалай жауап берді?

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: күбірлескен дауыстар қайтадан басталады)

Філіп: (күбірлескен дауыстардың арасынан) Ол былай деді: *«Мен сіздерге жаңа айттым ғой, бірақ тыңдаған жоқсыздар...»* (Жохан. 9:27).

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: шат күлкі мен лебіз араласқан күбірлескен дауыстар өрби түсті)

Філіп: (шудың арасынан) *«Мүмкін, сіздер де Соның жолын қуушы шәкірттері болғыларыңыз келетін шығар?»* (Жохан. 9:27)

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: айғайлар мен шулы күлкі; біраз уақыттан кейін күбірлесу мен күлкі бірте-бірте азаяды, ақырында мүлде сөнеді; Иса сөйлеген кезде біз от пен қара шегірткелердің дыбысынан басқа ештеңе естімейміз)

Иса: (сабырлы дауыспен) Оның Менің шәкірттерім болу ұсынысын діни жетекшілер қалай қабылдады?

Томас: (сабырлы дауыспен) Олар оны қорлап, сосын синагогадан қуып жіберді.

Иса: (тыныш дауыспен) Демек, туылғаннан бері соқырлық пен қорлық көрген адам қазір көріп тұр, бірақ оның көзін берген Құдайға ғибадат ету үшін синагогаға кіре алмайды. Оның азабы оның жазылуымен бітпеген сияқты. Бұл сендерге әділетсіздік сияқты, солай емес пе?

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: қысқа, тыныш күбірлескен дауыстар)

Томас: Жоқ, Иса; әділ емес сияқты.

Иса: (сабырлы дауыспен) Дегенмен Құдай бүгін дәріптелді, солай емес пе? Адам жарықты көрді; бұл туралы жүздеген адамдар айтты; адамның өзі діни билік алдында куәлік берді, *«Құдайдан келмесе, осы Кісі ештеңе де істей алмас еді!»* деп куәлік берді (Жохан 9:33).

КІРІСПЕ: (Дыбыстық әсерлер: біреу есінейді)

Иса: (сабырлы дауыспен) **Әлі атқаратын ісіміз бар, азаматтар;** *«Жарық барда, Мені Жібергеннің тапсырған игі істерін істеуіміз керек. Қараңғы түскен соң, ешкім еш нәрсе істей алмайды»* (Жохан. 9:4). Ертең біз көзі жанары ашылған жаңа досымызбен жолығуымыз керек. Оның азабы әлі мұнымен біткен жоқ.

(Әуен: сахнаның өзгеруін көрсету үшін күшейіп, содан кейін саябырсынады)

АНТРАКТ

Бағдарлама жүргізушісі: Ең алдымен бізді тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Қазір сіздер «Тарих қойнауындағы оқиға» радио драмасын тыңдаудасыздар. Біздің көрінісіміз бірер сәтте жалғасатын болады.

Бүгін біз Құдай Сөзіндегі оқиғалар мен адамдарға негізделген «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясын жалғастырудамыз. Біздің бүгінгі драмамыздың басында Томас Исаның Оның соңынан еруге шақыруына келісті, сонымен қатар олар қайда барса да үміт пен Ізгі хабарды уағыздап, қызмет етіп, ауылды аралап жүргенде

шәкірттерінің арасында болды. Бірақ Исаның оның алдында жасаған кереметтеріне қарамастан, Томас бәрібір оның мәнін түсінбей іштей күресуде болды. Ендігі ол Құдайдың бар екеніне күмәнданбағанымен, оның айналасында әлі де болып жатқан қиындықтар туралы сұрақтары болды. Бүгінгі драмамызды әрі қарай тыңдауға шақырамыз.

(Әуен: дыбыс әсерлері қайта қосылады)

2-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: күндізгі уақыт қала көшелерінде; аяқ қадамдарының дыбыстарын, құстардың сайрағанын, анда-санда есек сүйреген арбаның, адамдардың күбірлескен дауыстарын, балалардың ойыны мен күлкісін естиміз)

Томас: (шудың арасынан) Сіз оны байқадыңыз ба, Філіп?

Філіп: (алыстан айқайлап) Жоқ, әлі жоқ! Сен ше?

Томас: (шудың арасынан) Жоқ, оның келе жатқанын көрсететін еш белігін көріп тұрған жоқпын. Сәл күте тұрайық. . .

Філіп: (алыстан айқайлап) Бұл не?

Томас: (шудың арасынан) Ол мұнда, Исамен бірге!

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: екеуінің Иса мен қарияға қарай бара жатқандағы жылдам қадамдарының дауысы)

Иса: (артқы фонда) Достым, саған көмегім керек пе? Сен бір нәрсе іздеп жүрген сияқтысың.

Жақып: (артқы фонда) Дәл солай. Мен кеше қаламызға келген Ұстазды іздеп жүрмін. Бірақ оның тіпті есімін де білмейді екенмін.

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: Томас пен Філіп жақындаған сайын дауыстар күшейе түседі)

Иса: (жақын жерден) Ол көптеген есімдермен аталады. *«Көктен келген Билеушіге сенесің бе?»* (Жохан 9:35).

Жақып: (жақындап) *«Мырза, Соның кім екенін айтыңызшы, мен Оған сенейін»* (Жохан 9:36).

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлері: аяқ дыбыстары тоқтайды)

Иса: (жақындап) *«Сен Оны көрдің, сенімен сөйлесіп тұрған — Соның Өзі»* (Жохан. 9:37).

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлері: қарт ентігіп, тізерлеп отыр)

Жақып: (сабырлы дауыспен) Бұл Сіз бе едіңіз! Мен Сіздің даусыңызды тануым керек еді! Ал мен болсам. . . Енді мен Сізді өз көзіммен көріп тұрмын! **(толқып)** *«Ием,... Сізге сенем!»* (Жохан 9:38).

КІРІСТІРУ: (күбірлеген дауыстардың дыбысы мен олардың айналасындағы аяқ дыбыстары көпшілік жиналған сайын күшейеді)

Иса: Мен сен үшін қуаныштымын, досым, Құдай сенің көзіңді қалпына келтірді; бірақ көруді түсінумен шатастырма, өйткені көп адамдар жақсы көреді, бірақ олардың тура көз алдарында болып жатқанды түсінбейтіндер де бар. **(дауысын көтеріп)** *« Мен бұл дүниеге «соқырлардың» көзі ашылсын, ал «көретіндер» «соқыр» болсын деп, айыру үшін келдім»* (Жохан. 9:39).

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлері: кенеттен күбірлеу күшейеді, таң қалған дауыстар)

Аарон: (шудың арасынан) Енді сәл күте тұр; «Раввин» деп не айтқың келеді? Бұл қорлауды билік басындағыларға арнап айтып жатырсың ба? — *Сонда біз де «соқырмыз» ба?* (Жохан 9:40)

КІРІСТІРУ: (Дыбыс әсерлері: күбірлеу басылады, жауап күту)

Иса: Ах! Заңды үйретуші мұғалімі; Мен күдіктеніп едім, біздің әңгімеміз сізді қызықтыруы мүмкін деп. *« Егерде соқыр болсаңдар, кінәларың болмас еді. Ал қазір сендер «көзіміз көреді» деп мақтанғандықтан, кінәларың мойындарыңда қалады»* (Жохан. 9:41).

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: кенеттен күбірлеу қайта басталады, келесі тілдесумен жалғасады)

Аарон: (шудың арасынан) Бұл... . . бұл бүлік!

Иса: (айқайлап) *«Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: кім қой қораға есіктен емес, өзге жерден өрмелеп кірсе, сол — ұры әрі қарақшы»* (Жохан. 10:1).

Аарон: (шудың арасынан) Сен... Бұлай айтуға қалайша дәтің барады!

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: күбірлеу айқайға айналады)

Иса: (айқайлап) «Ұры ұрлап, сойып, құрту үшін келеді. Ал Мен адамдар шынайы өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы ағыл-тегіл мол болсын деп келдім» (Жохан. 10:10).

КІРІСТІРУ: (Дыбыстық әсерлер: күбірлескен топтың дауысы баяу сөнеді)

(Әуен: Драмалық музыка күшейеді; содан кейін Тақырыптық музыканың қайталануы басталады; «Біздің Құдайға беретін жауабымыз» атты айдары кезінде бағдарлама жүргізушісінің пікірлерінде екпінді күшейту)

3-көрініс

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: түнгі уақыт; желдің ақырын есуі мен қара шегірткелердің дауысы; біз тағы да жанып жатқан оттың сықырын естиміз)

Томас: (сабырлы дауыспен) Иса, мен сізге тағы бір сұрақ қояйын деп едім?

Иса: Әрине, Томас.

Томас: Кеше емдеген адамыңызбен не болмақ? Ол көру қабілетінің қалпына келгеніне өте қуанышты болып көрінді, бірақ . . .

Иса: Ол үшін алаңдап тұрсың ғой.

Томас: Иә, дәл солай. Ол синагогадан қуылды; діни жетекшілер енді оның бар екенін мойындамайды; қала тұрғындары болса одан аулақ жүретін болады, тіпті оның өз отбасы одан бас тартатын болады, себебі мұндай қорлыққа шыдау мүмкін емес.

КІРІСТІРУ: (дыбыстық әсерлер: Томас сәл кідірді, біз бір сәт артқы фондағы шудан басқа ештеңе естімейміз)

Томас: Ием, бұл адам соқыр кездегіден жақсы болғаны қайда?

Иса: Көре алмау оның ең үлкен кемшілігі емес еді, Томас. Оның әлдеқайда терең мәселесі болды, соқырлықтың ең нашар түрі, оны жеңу керек еді.

Томас: Сіз бүгін бір жас парызшылмен осы соқырлық туралы тілдескен едіңіз.

Иса: Иә. Рухани соқырлық. Құдайдың сенің көз алдында не істеп жатқанын көрмеу. Айтшы, Томас; Бүгін түнде біз қазір көре алатын, бірақ бәрінен айырылғандай көрінетін бұл адамнан кетіп бара жатқанда, көздеріне үмітсіздік пен өкінішті көрдің бе?

Томас: Жоқ, көрмедім.

Иса: Ол саған қандай болып көрінді? Ол қуанды деп айта аламыз ба?

Томас: Иә, айта аламыз; шын мәнінде ол қуанды. Кедей адам басына қандай қиыншылық түскенін түсінбеуі мүмкін.

(Әуен: Иса сөйлеген кезде фондағы әуен ақырын басталады)

Иса: Сен оны жете бағаламаудасың, Томас. Менің ойымша, ол немен күресіп жатқанын жақсы біледі.

Томас: Сонда ол неге соншалықты бақытты болып көрінеді?

Иса: Оның соншалықты бақытты болуының себебі оның қиындықтардан, тіпті соқырлықтан құтылуында емес; Сен куә болған бақыт, оның қуанышы күнәдан жаңадан құтылудан бастау алады. Кеше ол қараңғылықта өмір сүріп, өз күнәларымен Құдайдан алыстап кетті. Оның физикалық соқырлығы бұған ешқандай қатысы жоқ. Бірақ бүгін оның көзі ашылып, Адам Ұлына сенімі арқылы шынайы нұрға келді. Осылайша сен оның енді адаспайтынын көресің, Томас, бұл оның жаңа көзқарасынан да маңыздырақ.

(Әуен: Драмалық музыка күшейеді; содан кейін Тақырыптық музыканың қайталануы басталады; «Біздің Құдайға беретін жауабымыз» атты айдары кезінде бағдарлама жүргізушісінің пікірлерінде екпінді күшейту)

БІЗДІҢ ҚҰДАЙҒА БЕРЕТІН ЖАУАБЫМЫЗ

Бағдарлама жүргізушісі

Туғаннан соқыр болған адам сияқты, көпшілігіміз төзе алмайтын қиындықтар мен ауыртпашылықтарға тап боламыз; осы адам сияқты, көпшілігіміз кез келген ең күрделі қиындықтарда өз күнәміздің ауыртпалығын, біз одан құтыла алмайтын және өз күшімізбен жеңе алмайтынымызды білмейміз.

Бірақ айтар жақсы жаңалығым бар, Құдай оны біздің күнәларымызды кешіретін етіп жасады. Бұл жол Оның Тірі Киелі Сөзі Иса арқылы жүзеге асады. Құдай Исаны біздің Құтқарушымыз болу үшін Көктен жерге жіберді. Елші Пауыл былай деді: *«Иса Мәсіх осы дүниеге келді Құтқару үшін күнәкар кісілерді!»* (Тім.1. 1:15).

Мариям Исаны дүниеге әкелді. Иса есейіп, кемелді, күнәсіз өмір сүрді. Құдайдың Киелі Сөзінде былай деп айтылған: *«Құдай — біреу-ақ, Құдай мен адамдар арасын Келістіруші де Біреу, Ол — адам (болып дүниеге келген) Иса Мәсіх»* (Тим.1. 2:5). Иса арқылы біз күнәларымыздың кешірілуіне ие бола аламыз.

Мен Құдайға шын жүректен дұға етпекпін. Менің дұғамды мұқият тыңдаңыздар, сосын мен дұға еткен кезде, менен кейін қайталауға тырысыңыздар.

Уа, Құдай Ием, күнәларымның кешірілуіне мүмкіндік бергенің үшін алғыс айтамын. Менің Құтқарушым болу үшін Тірі Сөзінді, Исаны жібергенің үшін мың алғыс. Оның мінсіз өмір сүргені үшін алғыс айтамын. Мен үшін Өзін құрбан еткені үшін шүкіршілік етемін. Мен күнәларымды қалай кешіруге болатынын білгім келеді. Аумин.

Енді менен кейін дауыстап қайталап дұға етіңіз. Бір уақытта бірігіп дұға етейік. Құдайға құлшылық етіңіз. Шын жүректен дұға етіңіз.

Уа, Құдай Ием, (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Күнәларымның кешірілуіне мүмкіндік бергенің үшін алғыс айтамын. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Менің Құтқарушым болу үшін Тірі Сөзінді, Исаны жібергенің үшін мың алғыс. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Оның мінсіз өмір сүргені үшін алғыс айтамын. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен үшін Өзін құрбан еткені үшін шүкіршілік етемін. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Мен күнәларымды қалай кешіруге болатынын білгім келеді. Аумин. (адамдар қайталау үшін кішігірім үзіліс жасау керек)

Менімен бірге дұға еткендеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Келесі бағдарламада Құдай күнәларымызды қалай кешіретіні туралы білетін боламыз.

(Әуен: тақырыптық әуен эфир аяқталғаннан кейін күрт күшейеді және өшеді)

Хабар таратушыға, бағдарлама жүргізушісіне және режиссерге ескертпе

Егер бұл драма «Құдай туралы күрделі сұрақтар» сериясының бір бөлімі ретінде көрсетілетін болса, келесі бөлім Құдай туралы күрделі сұрақ туралы тағы бір драма болатынын көрсететін хабардың соңында «тыңдаушы белгісі» болуы керек.

СҰРАҚТАР ЖӘНЕ ЖАУАПТАР

Төменде берілген сұрақтар мен жауаптар драма көрінісі көрсетілгеннен кейін пайдалануға арналған. Бұл әдетте драманы тыңдағаннан кейінгі тыңдаушыда туындауы мүмкін сұрақтар. Қойылатын сұрақтардың саны, әрине, драманың соңында қолжетімді эфир уақытының көлеміне байланысты болады. Сірә, барлық ұсынылған сұрақтарды пайдалану қажет емес.

Бұл айдарға екі адам қатысады: жүргізуші және оның көмекшісі. Көмекші сұрақтарды қояды, ал жүргізуші оларға жауап береді. Осы айдарды жоспарлау және жүзеге асыру бойынша бірнеше кеңестерге құлақ салсаңыздар:

- Сұрақ-жауап айдарын жүргізуші мына сөздермен бастауы керек: «Бүгінгі драмалық көріністі тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Енді Сіздер сияқты керемет тыңдаушыларымыздан осы драмалық көрініске қатысты туындаған сұрақтарға кезек берейік.
- Сұрақ-жауап айдары басталардан бұрын 3-5 секундтық кіріспе әуенін қосу керек.
- Сұрақ-жауап айдарының басында бағдарлама жүргізуші өзін атын атап таныстыруы керек. Содан кейін бағдарлама жүргізуші өзінің көмекшісінің атын атап оны да таныстыра кеткені жөн. Олардың есімдері бағдарламаның көркін қыздыра түспек.

- Жүргізушінің көмекшісі ретінде әйел адамды таңдаған дұрыс болар. Әртүрлі дауыстар (еркек пен әйел) тыңдаушыға жағымды, әрі бағдарламаға өзгешелік енгізуі мүмкін.
- Ал егер жүргізуші мен оның көмекшісі екеуі де ер адамдар болса, онда олардың дауыстары ұқсас болмағаны жөн. Мысалы, екеуінде де терең бас және т.б. болмағаны дұрыс болар. Бұл өте маңызды мәселе. Өйткені тыңдаушыға ақпарат жеңіл әрі түсінікті түрде жеткізілуі керек.
- Жүргізушінің көмекшісі сұрақ қойған адамның «есімін атамай» сұрақтарды қоя алады. Немесе жүргізуші мен оның көмекшісі: «*Мінекей, "адамның есімін атап"* келіп түскен *сұрағын*» қоя алады.
- Барлық сұрақтарды бір дауыс ырғағымен оқудың орнына, жүргізушінің көмекшісі өзінің дауысын қойылған сұрақтың мағынасына қарай өзгерткені дұрыс болар. Басқаша айтқанда, кейбір сұрақтар қатты аландаушылықты, кейбіреулері үрейді көрсетуі керек. Кейбір сұрақтарды оқыған кезде мысқылды, сенімсіздікті немесе тіпті ашуды көрсетуі мүмкін.
- Сұрақ-жауап айдары кезінде жүргізуші мен оның көмекшісі ара-тұра бір-бірінің есімдерін атау керек. Мысалы, жүргізушінің көмекшісі: «*Жүргізушінің есімін*, мұнда шайтан мен азғыруға қатысты сұрақ бар екен. . .» Немесе жүргізуші: «*Осы қойылған сұрағың үшін, көмекшісінің аты, алғыс білдіремін*» деп айтуы мүмкін. Немесе: «*Сұрағына рахмет, көмекшісінің есімі*».
- Сұрақ-жауап айдары диалогтық сипатта болғаны дұрыс.
- Жүргізуші жанашырлықпен әрі мейірімдікпен тіл қатып, дәл сондай дауыс ырғағын қолдануы керек. Ол ешқашан қойылған сұраққа кемсіту мақсатында жауап бермеуі керек. Ол ешқашан қойылған сұраққа таң қалып немесе сасқалақтамауы керек. Ол тыңдаушының құлағына тыңдауға жағымды болатындай етіп тілдесуі керек.
- Жүргізуші барлық сұрақтардың жауабын «білгіш» ретінде көрінбеуіне өте сақ болуы керек. Ол Құдай Сөзін зерттеген ойшыл әрі ниеті дұрыс адам ретінде көрінуі керек. Ол шыншыл, әрі «Мен бұл сұрақтың жауабын білмеймін» деп айтудан қорықпауы керек.
- Жүргізушінің көмекшісі сұрақ қойғаннан кейін жүргізуші жауап бере бастағанға дейін араларында қысқа үзіліс болуы керек. Бұл үзіліс жүргізушінің жауабы қандай болуы керектігі туралы ойланып жатқанын көрсетеді.

- Келесі сұраққа көшу алдында жүргізуші сұраққа жауап бергеннен кейін қысқа үзіліс болуы керек. Бұл тыңдаушыға жаңа сұрақтың келіп жеткенін түсінуге көмектеседі.
- Бұл айдардың аяқталатынын жүргізушінің тыңдаушыға: «Бізді тыңдағандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Бүгінгі сұрақтар мен жауаптар сіздерге пайдалы болды деп сенеміз», - деп айтқан сөздерімен көрсетуге болады.
- Айдардың аяқталғанын көрсету үшін 3-5 секундтық әуен қосылуы керек.
- Жүргізуші мен оның көмекшісі Сұрақтар мен Жауаптарды дауыстап оқу арқылы жаттығулары керек. Дайындық пен эфир арасында олардың сергітуін қамтамасыз ету үшін қажетті үзіліс болуы керек.

1. **Сұрақ:** Драмадағы адам неліктен соқыр болып туылды?

Жауап: Иса бұл адам Құдайдың құдіретті ісі оның өмірінде көрінуі үшін соқыр болып туылғанын айтты. Миллиондаған адамдар жылдар бойы бұл адам туралы оқып, естіп, Құдайдың құдіретті күші мен сүйіспеншілігін түсінді.

2. **Сұрақ:** Неліктен қазіргі кезде кейбір адамдар соқыр болып туылады?

Жауап: Біз бұл сұрақтың жауабын білмейміз. Көптеген себептер бар шығар. Бірақ біз нақты білетініміз, Құдай әр адамды жақсы көреді және бәрімен бірге болуға уәде етеді.

3. **Сұрақ:** Қайғы-қасірет пен азап адам күнәларының жазасы ма?

Жауап: Ешқашан адамның қайғы-қасіреті немесе ауыртпашылығы оның күнәсінің нәтижесі деп есептемеуіміз керек. Біздің дұрыс жауабымыз осы адамға қолымыздан келгенше көмектесуге тырысуымыз керек.

4. **Сұрақ:** Құдай менің қайғы-қасіретімді біледі ме?

Жауап: Иә, Құдай Ием, сіздің басыңыздан не өтіп жатқанын жақсы біледі және Ол сізбен бірге болуға көмектесуге уәде етеді.

5. **Сұрақ:** Неліктен Құдай маған азап шегуге жол берді?

Жауап: Тағы да, бұл сұрақтың жауабын білмейміз. Біздің нақты білетініміз, Құдай сізді өте жақсы көреді және сізге көмектеседі. Сіз дұға етіп, Құдайдан сізбен бірге болуын және сізге көмектесуін сұрауыңыз керек.

6. **Сұрақ:** Құдай менің азап шеккеніме алаңдай ма?

Жауап: Иә, Құдай сіздің басыңыздан өткеруіңіз керектің қамын ойлайды. Ол «алыс қашықтықта оранласқан Құдай» емес, Ол сізге өте жақын және сіздің жаныңызда. Ол сізді жақсы көреді және әрдайым көмектеседі.

Жазбалар Киелі Кітаптан алынған, ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НҰСҚА.

Авторлық құқық © 1973, 1978, 1984 Халықаралық Киелі кітап қоғамдастығы.

Zondervan Bible Publishers рұқсатымен пайдаланылады.

Мәсіхтің әлемге қызметі

Авторлық құқық © 2020, Барлық құқықтар қорғалған